**Бекітемін:**
**Н.И.Ғайып «Ақбөбек» балабақшасы**
**Әдіскері:__________________ Ж. Балгабаева**
**10 сәуір__________________ 2026 жыл**

Білім беру ұйымы: "Ақбөбек" балабақшасы
Топ: "Жұлдыз" ересек тобы
Балалардың жасы: 4 жастан
Педагогтың аты-жөні : Бупежанова Т.Д

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**
**Сәуір айы 2026 жыл 1 апта**

**Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы**

Үйде, топта қарапайым істерді орындауға көмектесу

Үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау
Өзіне-өзі қызмет көрсету

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 30.03.2026 ж | Сейсенбі 31.03.2026 ж | Сәрсенбі 01.04.2026 ж | Бейсенбі 02.04.2026ж | Жұма 03.04.2026 ж |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу<br>Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.)<br>Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу<br>Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру<br>Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу)<br>Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау)<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру**<br>Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу **Күй күмбірі** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру;<br>әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату;<br>балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру.<br>**Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру**<br>Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз.<br>Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.<br>Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді.<br>Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары** | **Құқықтық сауаттылық**<br>«Балабақшадағы ережелер»<br>Тәрбиеші: «Біз балабақшадамыз. Қалай дұрыс әрекет жасаймыз?»<br>Балалар рөлге енеді:<br>біреуі ойыншық алады<br>біреуі кезек күтеді<br>біреуі рұқсат сұрайды<br>Тәрбиеші жағдаят береді:<br>«Ойыншықты тартып алды»<br>«Кезексіз сөйледі»<br>Балалар дұрыс/бұрыс екенін айтып, түзетеді. | **Қаржылық сауаттылық**<br>«Дүкенде»<br>Балалар:<br>сатушы<br>сатып алушы болады<br>Сатып алушы:<br>«Маған нан беріңізші»<br>ақша береді<br>Сатушы:<br>зат береді<br>ақшаны санайды<br>Тәрбиеші сұрайды:<br>«Ақша жетті ме?»<br>«Нені таңдадың?» | **Адалдық әліппесі**<br>«Адал дос»<br>Тәрбиеші жағдаят айтады:<br>«Сен ойыншық таптың»<br>«Сен қателестің»<br>Балалар жауап береді:<br>«Мен иесіне беремін»<br>«Мен шындықты айтамын»<br>Рөлдік көрініс жасайды. | **Ерте кәсіптік бағдар**<br>Сюжеттік ойын: «Мамандықтар әлемі»<br>Балалар рөлдерді таңдайды:<br>дәрігер<br>аспаз<br>құрылысшы<br>Балалар әрекет жасайды:<br>дәрігер емдейді<br>аспаз тамақ дайындайды<br>құрылысшы үй салады<br>Әр бала айтады:<br>«Мен дәрігермін» | **Сюжеттік ойын: «Дәрігерде»**<br>Балалар рөлдерді таңдайды:<br>дәрігер<br>науқас<br>ана<br>Балалар әрекет жасайды:<br>дәрігер «тыңдайды»,<br>«тексереді»<br>«дәрі береді»<br>науқас шағым айтады<br>Сөздер:<br>«Қай жерің ауырады?»<br>«Қазір емдеймін»<br>**Нәтиже:**<br>Балалар қамқорлық, көмектесу дағдыларын меңгереді. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | «Менің Қазақстаным» әнұран тыңдату,бірге орындау,жаттату<br>Әнұран орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Әнұран кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету.<br>Сәуірайына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.**Міндеті:** Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету.<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру<br>Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері<br>**Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Кестеге сәйкес ҰІӘ** | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар:**<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта және кезекпен), төмен түсіру.<br>Қолдарын арқасына апару, белге және кеуде тұсына қою. | **Қазақ тілі**<br>**«Төрт түлік мал»**<br>**Тілдік дамытушы орта**<br>Ойын 1: «Өз ойыңды дәлелде»<br>Балаларға сұрақ қойылады: «Төрт түлік мал не үшін қажет?»<br>Балалар толық, жайылма сөйлеммен жауап береді: «Менің ойымша, сиыр | **Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды әртүрлі бағытта көтеру және түсіру көктемгі күнге созылу Қолды белге кеудеге қою дұрыс қалып сақтау Қолды алға-артқа сермеу құстардың қозғалысын бейнелеу Тізерлеп отырып допты домалату жермен ойнағандай қозғалу Аяқты | **Музыка**<br>**Музыка тыңдау:**<br>Домбырамен орындалған ән тыңдатылады.<br>Иллюстрациямен сәйкестендіреді.<br>Музыкаға зейін қояды.<br>Әуеннің сипатын (көңілді, баяу) ажыратады.<br>Домбыра дыбысын тануға тырысады.<br>Музыка арқылы өз әсерін | **Дене тәрбиесі**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар**<br>Қолды алға жан-жаққа жоғары көтеру және түсіру көктемгі күнге созылу Қолдарды арқасына апару денені тік ұстау Қолды алға-артқа сермеу құстардың ұшуын бейнелеу Тізерлеп отырып допты айналдыру жермен ойнағандай |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолдарды алға-артқа сермеу.<br>Тізерлеп отырып, допты өзінен айналдыра домалату.<br>Бір аяқты жоғары көтеріп, оның астынан затты бір қолдан екінші қолға беру.<br>Екі аяқты кезекпен алға қою (алдымен өкше, содан кейін аяқ ұшымен).<br>Қатарынан 4–5 рет жартылай отыру.<br>Екі қолды белге қойып, екі жаққа созып отырып-тұру.<br>**Негізгі қимылдар**<br>Сызықтардың арасымен (15 см) жүру көктемгі соқпақпен жүргендей Тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру көпірден өткен сияқты Қолды екі жаққа созып жүру құстар сияқты тепе-теңдік сақтау<br>**Ырғақтық жаттығулар**<br>Музыкамен таныс қимылдарды орындау көктемгі көңілді әуенмен қозғалу<br>Қимылды музыка ырғағына сай үйлестіру<br>**Қимылды ойындар: «Тепе-теңдікті сақта»**<br>Балалар сызық бойымен немесе тақтай үстімен жүріп тепе-теңдікті | әлемге пайдалы, өйткені ол сүт береді».<br>Балалар сөйлеу барысында дауыс ырғағын (интонация) дұрыс қолдануға жаттығады.<br>**Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті** «Қ, Ғ дыбыстары»<br>Қой, қымыз, қозы, жылқы сөздерін анық айту.<br>Ғ дыбысы: сағa, шағала (дыбысты дұрыс айтуға жаттықтыру).**Сөздік қор**«Ертегі тыңда және айт» Тәрбиеші төрт түлік туралы қысқа ертегі оқиды.<br>Балалар мазмұнын айтып береді. **Грамматикалық құрылым**«Жай сөйлемді кеңейт»<br>Сиыр жайылады → Сиыр далада жайылады → Ақ сиыр кең далада жайылып жүр.<br>**Байланыстырып сөйлеу** «Әңгіме құрастыр»<br>Балалар 4–5 сөйлеммен әңгіме құрайды.<br>**Музыка**<br>**Музыка тыңдау:**<br>Ән иллюстрациялармен және қимылдармен сүйемелденіп тыңдатылады.<br>Домбырамен орындалған күй тыңдатылады.<br>Музыканың сипатын ажыратады.<br>Музыкаға зейін қояды.<br>Күй мен әннің айырмашылығын сезінеді.<br>Әуеннің көңілді немесе баяу екенін анықтайды.<br>Музыка арқылы өз әсерін білдіреді.<br>**Ән айту:**<br>Тәрбиеші көмегімен ән айту.<br>Әнді бірге бастап, бірге | кезекпен көтеру көктемгі қадам жасау Жартылай отыру гүл отырғызғандай қимыл<br>**Негізгі қимылдар**<br>Арқан бойымен жүру жіңішке соқпақпен жүргендей<br>Заттардан аттап өту шалшықтарды айналып өткен сияқты Басқа қапшық қойып жүру тепе-теңдікті сақтап қозғалу<br>**Ырғақтық жаттығулар**<br>Музыкамен қозғалу көктемгі көңілді әуенге сай қимылдау<br>Қимылды ырғақпен үйлестіру<br>**Қимылды ойындар: «Кедергілен өт»**<br>Балалар әртүрлі кедергілерден өтіп қозғалады еңбектейді аттайды айналады Көктемгі саяхат ретінде ұйымдастырылады Жылдам әрі дұрыс орындаған балалар мадақталады<br>**Вариативтік компонент**<br>**Хореография**<br>Маман жоспарымен | білдіреді.<br>**Ән айту:**<br>Сүйемелдеумен ән айту.<br>Әнді созып айтуға тырысады.<br>Әнді дұрыс бастап, бірге аяқтайды.<br>Дауыс ырғағын сақтауға үйренеді.<br>Сөздерді анық айтуға дағдыланады.<br>Әуенге сәйкес айтуға тырысады.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Музыка ырғағына сай секіру.<br>Қимылды музыкамен үйлестіру.<br>Музыка ырғағына сәйкес қозғалу.<br>Қимылдарды үйлестіріп орындауға тырысады.<br>Тәрбиешінің қимылдарын қайталайды.<br>**Балалар аспаптарында ойнау:**<br>Металлофонда қарапайым әуен ойнау.<br>Ырғақты сақтауға тырысады.<br>Дыбыс биіктігін ажыратады.<br>Аспапты дұрыс ұстауға дағдыланады.<br>Музыка ырғағына сәйкес ойнайды.<br>**Билер:**<br>Атрибуттармен би қимылдарын орындау.<br>Музыка ырғағына сай қозғалу.<br>Қимылдарды еркін орындауға тырысады.<br>Қарапайым би элементтерін біріктіреді.<br>Қимыл арқылы көңіл күйін білдіреді. | қозғалу Аяқты көтеру және затты беру көктемгі ойын әрекеті Жартылай отыру гүл отырғызғандай қимыл<br>**Негізгі қимылдар**<br>Аяқтың ұшымен жүгіру жеңіл әрі жұмсақ қозғалу Тізені жоғары көтеріп жүгіру белсенді қадам жасау Шеңбер бойымен және «жыланша» жүгіру көктемгі соқпақпен қозғалу<br>**Ырғақтық жаттығулар**<br>Музыкамен жүгіру көктемгі көңілді әуенмен қимылдау Қозғалысты ырғаққа сәйкестендіру<br>**Қимылды ойындар: «Жыланша»**<br>Балалар бірінің артынан бірі тізіліп жыланша қозғалады бағытты өзгертіп жүреді Ұйымшылдық пенептілік дамиды |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | сақтайды Кім құламай дұрыс өтсе сол жеңімпаз болады<br>Ойын көктемгі серуен ретінде ұйымдастырылады | аяқтау.<br>Қарапайым қимылдармен айту.<br>Әуенге сәйкес дұрыс айтуға тырысады.<br>Дауыс ырғағын сақтауға үйренеді.<br>Сөздерді анық айтуға дағдыланады.<br>Топпен бірге ән айтуға қатысады.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:**<br>Музыка ырғағына сәйкес секіру.<br>Баяу және жылдам қозғалысты ажырату.<br>Музыка ырғағына сай қимылын өзгерту.<br>Тәрбиешінің қимылдарын қайталау.<br>Қарапайым би және ойын қимылдарын орындау.<br>Қимыл арқылы музыка сипатын жеткізу.<br>**Балалар аспаптарында ойнау:**<br>Металлофонда біркелкі соғу.<br>Ырғақты сақтауға тырысады.<br>Дыбыс биіктігін ажыратады.<br>Аспапты дұрыс ұстауға дағдыланады.<br>Музыка ырғағына сәйкес ойнайды.<br>Топпен бірге ойнауға қатысады.<br>**Билер:**<br>Көңілді музыкаға қарапайым би қимылдарын орындау.<br>Музыка ырғағына сай қозғалу.<br>Қимылдарды үйлестіріп орындауға тырысады.<br>Қарапайым би элементтерін біріктіреді.<br>Қимыл арқылы көңіл күйін | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | білдіреді. | | | |
| | | Апталық дәйексөз **«Малды баққанға бітеді.»**<br>Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту «Үй жануарлары»**<br>Балаларды үй жануарларының атауларымен таныстыру (сиыр, жылқы, қой, ешкі). Жануарлардың төлдерін атау (бұзау, құлын, қозы, лақ). Балалардың сөздік қорын кеңейту, белгілі дыбыстан басталатын сөздерді тыңдап ажырату. Жануарлардың ерекшеліктерін сипаттап айту, сөйлем құрастыруға дағдыландыру (сұрақ-жауап, әңгімелесу, «Миға шабуыл», TRIZ «Егер жануарлар сөйлей алса…», дидактикалық ойын).<br>**Көркем әдебиет «Төрт түлік» өлеңі**<br>Балаларға төрт түлік туралы өлең тыңдату, мазмұнын түсінуге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету. Интонацияны сақтап мәнерлеп айтуға баулу. Кейіпкерлерге жанашырлық таныту, балалардың | Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту «Жануарлардың төлдері»**<br>Балаларды үй жануарларының төлдерінің атауларымен таныстыру (қозы, лақ, бұзау, құлын). Төлдердің сыртқы ерекшеліктерін сипаттау, олардың қимыл-қозғалысын айтуға үйрету. Балалардың сөздік қорын байыту, толық сөйлеммен жауап беруге дағдыландыру. Балалардың тыңдау және ажырату қабілеттерін дамыту (сұрақ-жауап, әңгімелесу, «Сиқырлы қапшық» ойыны, TRIZ «Егер төлдер сөйлей алса…», дидактикалық ойын).<br>**Көркем әдебиет «Төлдер» тақпағы**<br>Балаларға төлдер туралы тақпақты тыңдату, мазмұнын түсінуге, жатқа айтуға үйрету. Тақпақты түрлі интонациямен айтуға баулу. Кейіпкерлердің әрекеттерін талқылау, балалардың есте сақтау қабілетін дамыту (мәнерлеп оқу, «Жалғастыр» ойыны, рөлге бөліп айту).<br>**Қазақ тілі «Төлдерді сипаттаймыз»**<br>Балаларға төлдердің түсін, көлемін, қимылын сипаттауға үйрету. Жай сөйлемдер құрау арқылы өз ойын жеткізуге мүмкіндік беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ) (диалог, | Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту «Жануарлардың мекені»**<br>Балаларды үй жануарларының қайда тұратынымен таныстыру (қора, жайлау, ферма). Жануарлардың тіршілік ету ортасы туралы әңгімелеу, олардың қай жерде жайылатынын, қай жерде күтім жасалатынын айту. Балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту, өз ойын толық сөйлеммен жеткізуге үйрету. Жануарлардың мекенін сипаттау арқылы сөздік қорын байыту (әңгімелесу, сұрақ-жауап, «Ойлан-тап» ойыны, TRIZ «Егер жануарлар қорасыз қалса не болар еді?»).<br>**Көркем әдебиет «Төлдер айтысы» ертегісі**<br>Балаларға ертегіні тыңдату, мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талқылауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің мінез-құлқын сипаттау, олардың әрекеттеріне жанашырлық таныту. Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, шығарманы дұрыс қабылдауына мүмкіндік беру (мәнерлеп оқу, сахналау, рөлдік ойын).<br>**Қазақ тілі «Жануарлар туралы әңгіме»**<br>Балаларды жануарлар туралы жай және жайылма сөйлемдер құрауға үйрету. Жануарлардың түсін, көлемін, қимылын сипаттау арқылы диалог құруға мүмкіндік беру. | Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту «Жануарлардың қимылы»**<br>Балаларды үй жануарларының қозғалысымен таныстыру (жүреді, жүгіреді, секіреді, шабады). Жануарлардың қимылдарын сипаттап айтуға үйрету. Балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту, сөздік қорын байыту. Жануарлардың адам өміріндегі маңызы туралы әңгімелеу (әңгімелесу, қимылды ойын, «Кім қалай қозғалады?» ойыны, TRIZ «Егер жануарлар болмаса не болар еді?»).<br>**Көркем әдебиет «Қой мен ешкі» ертегісі**<br>Балаларға ертегіні тыңдату, мазмұнын түсінуге, кейіпкерлердің әрекеттерін талқылауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерін рөлге бөліп ойнау арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту (мәнерлеп оқу, сахналау, рөлдік ойын).<br>**Қазақ тілі «Жануарларды сипаттаймыз»**<br>Балаларды жануарлардың түсін, көлемін, қимылын сипаттауға үйрету. Сөйлем ішінде жаңа сөздерді қолдану, еркін диалог құруға мүмкіндік беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру (сұрақ-жауап, диалог, ойын әдісі).<br><br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері «Пішіндерді табамыз»**<br>Балаларды геометриялық пішіндермен таныстыру | Коммуникативтік дағды<br>**Тіл дамыту «Менің сүйікті жануарым»**<br>Балалардың өз ойын еркін айтуына мүмкіндік беру. Сүйікті жануары туралы әңгімелеу, оның ерекшеліктерін сипаттау. Байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту, балалардың сөздік қорын кеңейту (әңгімелеу, «Сиқырлы микрофон» әдісі, сұрақ-жауап).<br>**Көркем әдебиет «Төлдер достығы» ертегісі**<br>Балаларға ертегіні тыңдату, мазмұнын айтуға үйрету. Кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талқылау, олардың достығы мен қамқорлығын түсіндіру. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту (мәнерлеп оқу, сахналау, рөлдік ойын).<br>**Қазақ тілі «Жануарлар туралы диалог»**<br>Балаларды жануарлар туралы сұрақ-жауап арқылы диалог құруға үйрету. Өз ойларын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. Сөйлеудің анық және дұрыс болуына көңіл бөлу (диалог, ойын әдісі).<br><br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері «1–5 дейін санау»**<br>Балаларды 1–5 дейін тура және кері санауға жаттықтыру. Жануарлардың суреттерін пайдаланып санау, салыстыру. «Барлығы қанша?» сұрағына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шығарманы дұрыс қабылдауына мүмкіндік беру (мәнерлеп оқу, «Жалғастыр» ойыны, сахналау).<br>**Қазақ тілі**<br>**«Жануарлар қалай дыбыстайды?»**<br>Жануарлардың дыбыстарын дұрыс айтуға, сөздерді анық айтуға үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ). Жай сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру (дыбыстық ойын, диалог, ойын технологиясы).<br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері «Малды санаймыз»**<br>Балаларды 1-5 дейін санауға жаттықтыру. Жануарлардың суреттерін пайдаланып санау, «барлығы қанша?», «нешінші?» сұрақтарына жауап беру. Жануарларды жұппен салыстыру, тең және тең емес топтарды анықтау (дидактикалық ойын «Кім тез санайды?», топтастыру, салыстыру). | сөздік ойын, ойын технологиясы).<br><br>Танымдық дағды<br>**Математика негіздері «Төлдерді салыстыру»**<br>Балаларды заттарды салыстыруға үйрету. Үлкен-кіші, ұзын-қысқа ұғымдарын қолдану. Төлдердің суреттерін пайдаланып екі затты салыстыру, нәтижесін айту. Балалардың логикалық ойлауын дамыту (дидактикалық ойын «Қайсысы үлкен?», салыстыру, топтастыру). | Қазақ тіліне тән дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру (ө, ү, ұ, қ, ғ). Балалардың еркін сөйлеу белсенділігін арттыру (диалог, сұрақ-жауап, ойын әдісі).<br>**Танымдық дағды**<br>**Математика негіздері «Жануарларды жұптаймыз»**<br>Балаларды жануарларды жұппен қою арқылы салыстыруға үйрету. Тең және тең емес топтарды анықтау, заттарды жұптау арқылы санамай салыстыру дағдыларын дамыту.<br>Жануарлардың суреттерін пайдаланып логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру (дидактикалық ойын «Жұбын тап», топтастыру, салыстыру).<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру «Малға күтім жасау»**<br>Балаларды үй жануарларына қалай күтім жасау керектігімен таныстыру.<br>Малға жем беру, су беру, қораны тазалау сияқты жұмыстар туралы айту.<br>Балаларға **ерте кәсіптік бағдар** элементтері: малшы, фермер, ветеринар мамандықтары туралы түсінік беру. Бұл мамандықтардың жануарларға көмектесетінін айту. Жануарларға дұрыс қарау олардың өмірін қорғау екенін түсіндіру, **құқықтық сауаттылық** элементтерін қалыптастыру (әңгімелесу, бақылау, суретпен жұмыс). | (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш). Пішіндерді жануарлардың бейнесімен байланыстыру. Пішіндерді салыстыру, топтастыру арқылы балалардың логикалық ойлауын дамыту (дидактикалық ойын «Қай пішін?», салыстыру, топтастыру).<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру «Жануарлардың қорегі»**<br>Балаларды жануарлардың немен қоректенетінімен таныстыру. Мал бағатын адамдардың еңбегі туралы әңгімелеу. Балаларға **ерте кәсіптік бағдар** элементтерін беру: малшы, фермер, ветеринар мамандықтары туралы айту. Жануарларға қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру. Жануарларға дұрыс қарау олардың **құқығын қорғау**екендігін түсіндіру (әңгімелесу, бақылау, суретпен жұмыс). | жауап беру (дидактикалық ойын «Санап көр», топтастыру).<br>**Қоршаған әлеммен таныстыру «Жануарларға қамқорлық»**<br>Жануарларға күтім жасау, оларды қорғау туралы түсінік беру. Жануарларды ренжітпеу, оларға қамқор болу әр адамның міндеті екенін түсіндіру.<br>Балаларға **құқықтық сауаттылық** элементтері: жануарларға дұрыс қарау, оларға зиян келтірмеу туралы түсінік қалыптастыру (әңгімелесу, бақылау). |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | **Сәуір айына арналған серуен картотека жинағы қосымша жасақталған** | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті)** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы**<br>Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу.<br>Қасықты, шанышқыны дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау.<br>Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау.<br>Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту.<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | **Біртіндеп ояту:** Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. **Сауықтыру жаттығулары:** Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). **Өзіне-өзі қызмет ету:** Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). **Мәдени-гигиеналық дағдылар:** Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні орнына ілу (тазалыққа баулу). | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Қоршаған әлеммен таныстыру «Үй жануарларының пайдасы»**<br>Үй жануарларының адамдарға пайдасы туралы түсінік беру. Сиырдың сүт беретіні, қойдың жүн беретіні, жылқының көлік ретінде пайдаланылатыны туралы айту. Жануарларға қамқорлық жасау қажеттігін түсіндіру (әңгімелесу, бақылау, | **Қоршаған әлеммен таныстыру «Төлдер қалай өседі?»**<br>Балаларды жануарлардың төлдерімен таныстыру, олардың қалай өсіп-жетілетінін түсіндіру. Төлдердің қорегі, күтімі туралы әңгімелеу. Жануарларға қамқорлық жасау қажеттігін түсіндіру (әңгімелесу, бақылау, суретпен жұмыс).<br><br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу «Бұзау»**<br>Балаларды бұзаудың | **Қаржылық сауаттылық элементі «Жануарлардан алынатын өнімдер»**<br>Балаларды жануарлардан алынатын өнімдермен таныстыру (сүт, айран, қымыз, жүн). Бұл өнімдердің адамдарға қажет екенін түсіндіру. Еңбек арқылы өнім алынатынын, адамдар бұл өнімдерді сатып алатынын айту. Балалардың еңбек пен нәтиже арасындағы байланысты түсінуіне мүмкіндік беру (әңгіме, ойын «Ферма өнімдері»). | **Қаржылық сауаттылық элементі «Мал өнімдері»**<br>Жануарлардан алынатын өнімдер туралы айту (сүт, жүн, ет). Бұл өнімдердің адамдарға қажет екенін, оларды сатып алуға болатынын түсіндіру. Балаларға еңбек пен өнім арасындағы байланыс туралы қарапайым түсінік беру (әңгіме, ойын «Дүкен»).<br><br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу «Ешкі»**<br>Балаларды ешкінің бейнесін салуға үйрету. Түстерді дұрыс таңдауға, қылқаламды ұқыпты | **Қаржылық сауаттылық элементі «Ферма өнімдері»**<br>Жануарлардан алынатын өнімдер (сүт, айран, ірімшік, жүн) туралы әңгімелеу. Бұл өнімдерді адамдар дүкеннен сатып алатынын түсіндіру. Балаларға еңбектің нәтижесі өнім болатынын түсіндіру (ойын «Ферма дүкені»).<br>**Ерте кәсіптік бағдар «Фермер мамандығы»**<br>Балаларды фермер, малшы, ветеринар мамандықтарымен таныстыру. Бұл мамандықтардың жануарларға қамқорлық жасайтынын айту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | зерттеу, суретпен жұмыс).<br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу «Қой»**<br>Қой бейнесін салу, түстерді дұрыс қолдану. Қойдың жүнін бейнелеуде дәстүрден тыс әдісті қолдану (мақта немесе саусақпен сурет салу).<br>**Мүсіндеу «Қозы»**<br>Ермексаздан қозы мүсіндеу.<br>Домалақтау, қысу, басу әдістерін қолдану арқылы жануардың дене бөліктерін біріктіру (көрсету, ойын тәсілі).<br>**Жапсыру «Жайлаудағы қойлар»**<br>Қағаздан дайын пішіндерді пайдаланып қой бейнесін жапсыру. Элементтердің ретін сақтап композиция құрастыру (үлгі бойынша жұмыс).<br>**Құрастыру «Мал қорасы»**<br>Құрылыс материалдарынан немесе лего конструктордан мал қорасын құрастыру, кеңістікте дұрыс орналастыру (конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын). | бейнесін салуға үйрету, түстерді дұрыс таңдауға дағдыландыру. Қылқаламды дұрыс қолдану, бұзаудың дене бөліктерін бейнелеу (дәстүрден тыс әдіс саусақпен сурет салу).<br>**Мүсіндеу «Лақ»**<br>Балаларды ермексаздан лақ мүсіндеуге үйрету.<br>Домалақтау, басу, біріктіру тәсілдерін қолдану арқылы жануардың бөліктерін жасау. Ұсақ моториканы дамыту (көрсету, ойын тәсілі).<br>**Жапсыру «Құлын»**<br>Балаларды қағаздан дайын пішіндерді пайдаланып құлын бейнесін жасауға үйрету. Пішіндерді дұрыс орналастыру, композиция құрастыру (үлгі бойынша жұмыс).<br>**Құрастыру «Жануарлар қорасы»**<br>Балаларды құрылыс материалдарынан жануарлар тұратын аула құрастыруға үйрету. Кеңістікте дұрыс орналастыру, бірлесіп жұмыс жасауға дағдыландыру (конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын). | Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу «Жылқы»**<br>Балаларды жылқының бейнесін салуға үйрету.<br>Жылқының дене бөліктерін бейнелеу, түстерді үйлестіру. Қылқаламды дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру (дәстүрлі сурет салу, бақылау арқылы бейнелеу).<br>**Мүсіндеу «Құлын»**<br>Балаларды ермексаздан құлын мүсіндеуге үйрету.<br>Домалақтау, созу, біріктіру тәсілдерін қолдану арқылы жануардың бөліктерін жасау. Балалардың шығармашылық қабілеттерін және ұсақ моторикасын дамыту (көрсету, шығармашылық жұмыс).<br>**Жапсыру «Жайлау көрінісі»**<br>Балаларды жайлау көрінісін қағаз бетіне орналастырып жапсыруға үйрету.<br>Жануарларды дұрыс орналастыру, композиция құрастыру дағдыларын дамыту. Табиғат пен жануарлардың байланысын көрсету (үлгі бойынша жұмыс, композиция).<br>**Құрастыру «Ауыл»**<br>Балаларды құрылыс материалдарынан ауыл көрінісін құрастыруға үйрету. Үйлерді, қораларды және жануарлар тұратын орындарды жасау. Кеңістікте дұрыс орналастыру дағдыларын дамыту, бірлескен шығармашылық жұмыс ұйымдастыру (конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын) | қолдануға дағдыландыру.<br>Жануардың негізгі бөліктерін бейнелеу (дәстүрден тыс әдіс алақанмен сурет салу).<br>**Мүсіндеу «Қой»**<br>Балаларды ермексаздан қой мүсіндеуге үйрету. Домалақтау, қысу, басу тәсілдерін қолдану арқылы жануардың дене бөліктерін жасау. Ұсақ моториканы дамыту (көрсету, ойын тәсілі).<br>**Жапсыру «Жайлаудағы жануарлар»**<br>Балаларды дайын пішіндерді пайдаланып жайлау көрінісін жасауға үйрету. Жануарларды қағаз бетіне дұрыс орналастыру, композиция құрастыру (үлгі бойынша жұмыс, композиция).<br>**Құрастыру «Қора мен қоршау»**<br>Балаларды құрылыс материалдарынан жануарларға арналған қора мен қоршау құрастыруға үйрету. Кеңістікте дұрыс орналастыру, бірлесіп жұмыс жасауға дағдыландыру (конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын). | (әңгіме, суретпен жұмыс).<br><br>Шығармашылық дағды<br>**Сурет салу «Жайлаудағы жануарлар»**<br>Балаларды жайлау көрінісін бейнелеуге үйрету.<br>Жануарларды табиғи ортада орналастыру, түстерді үйлестіру (еркін сурет салу).<br>**Мүсіндеу «Қозы мен лақ»**<br>Балаларды бірнеше бөліктен тұратын мүсін жасауға үйрету.<br>Ермексазбен жұмыс арқылы ұсақ моториканы дамыту (көрсету, шығармашылық жұмыс).<br>**Жапсыру «Төрт түлік»**<br>Балаларды төрт түлік бейнесін қағаз бетіне орналастырып жапсыруға үйрету. Ұлттық ою-өрнек элементтерін қолдану арқылы композиция жасау (үлгі бойынша жұмыс).<br>**Құрастыру «Ферма»**<br>Балаларды конструктордан ферма құрастыруға үйрету.<br>Жануарларға арналған қора, қоршау жасау, құрастырылған нысандармен ойын ұйымдастыру (конструктормен жұмыс, шығармашылық ойын). |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Фонематикалық есту<br>**Жұмыс:** Белгілі дыбыстан басталатын сөздерді табу (м мысық, машина) | **Бағыты:** Жалпылаушы сөздер<br>**Жұмыс:** Заттарды топтастыру (ыдыс, жиһаз, киім) және атау. | **Бағыты:** Антоним сөздер<br>**Жұмыс:** Қарама-қарсы сөздерді айту (үлкен–кіші, жылы–суық). | **Бағыты:** Бұйрық рай<br>**Жұмыс:** «Отыр», «тұр», «жүгір» сөздерін сөйлемде қолдану. | **Бағыты:** Әңгімелеу<br>**Жұмыс:** Бейтаныс зат туралы 3–4 сөйлем құрастырып айту. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру.<br>Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).**<br>Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын аланын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету<br>**Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру** | | | | |
| **Серуен** | «Қақпаға дәл соқ»<br>**Шарты:** Балалар допты белгіленген қақпаға аяқпен дәл соғады. | «Эстафеталық жүгіру»<br>**Шарты:** Екі топ кезекпен жүгіріп, таяқшаны келесі балаға береді. | .«Кедергілер жолағы»<br>**Шарты:** Жүгіріп, секіріп, еңбектеп белгіленген кедергілерден өтеді. | «Нысанаға тигіз»<br>**Шарты:** Қапшықты немесе допты 3–4 метр қашықтықтағы шеңберге дәл лақтырады. | «Кедергілер жолағы»<br>**Шарты:** Жүгіріп, секіріп, еңбектеп белгіленген кедергілерден өтеді. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Кешкі ас** | Кешкі ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. **Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру.Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру.Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру.Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру.Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) **Өнегелі 15 минут** | | | | |